

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасының қаржы секторына шолу

2025 жылғы тамыз

Мазмұны

Негізгі оқиғалар.....	5
Қабылданған реттеушілік шаралар	6
1. Банк секторы	11
2. Сақтандыру секторы	17
3. Бағалы қағаздар нарығы	21
4. Банк конгломераттары.....	27

Кестелердің тізімі

1.1-кесте. Банк секторының құрылымы.....	11
2.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы	17
3.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы	23
3.2-кесте. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы	24
4.1-кесте. Банк конгломераттарының құрылымы	27
4.2-кесте. Банк конгломераттары активтерінің қаржы секторлары бойынша шоғырлануы.....	27
4.3-кесте. Банк конгломераттарының меншікті капиталының құрылымы	29

Суреттердің тізімі

1.1-сурет. Банктердің активтері	11
1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер	11
1.3-сурет. Банктердің міндеттемелері, капиталы	12
1.4-сурет. Банктер кірістілігінің көрсеткіштері	12
1.5-сурет. Экономикаға берілген кредиттер.....	13
1.6-сурет. Экономикаға берілген кредиттердің құрылымы	13
1.7-сурет. Валюталар бойынша экономикаға берілген кредиттер	13
1.8-сурет. Бизнес субъектілеріне берілген қарыздар	14
1.9-сурет. Халыққа берілген кредиттер	14
1.10-сурет. Теңгемен кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер	14
1.11-сурет. 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	15
1.12-сурет. Депозиттік ұйымдардағы резиденттердің депозиттері	16
1.13-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер	16
2.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері	17
2.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы	17
2.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері мен капиталы	18
2.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі	18
2.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпін	19
2.6-сурет. Жасалған шарттар саны	19
2.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні	19
2.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны	19
2.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері	20
2.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтанушылардан өтемақы	20
3.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру	21
3.2-сурет. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі	21
3.3-сурет. Айналыстағы облигациялар	22
3.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі	22
3.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы	22

3.6-сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі	22
3.7-сурет. Инвестициялық қорлардың активтері	24
3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы	24
3.9-сурет. Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесіндегі шоттардың саны.....	25
3.10-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері.....	26
3.11-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы	26
4.1-сурет. Банк конгломераттары көрсеткіштерінің серпіні.....	28
4.2-сурет. Банк конгломераттары активтері құрылымының серпіні	28
4.3-сурет. Банк конгломераттарының міндеттемелері құрылымының серпіні	28
5.1-сурет. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар жолданымдарының саны	30
5.2-сурет. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар жолданымдарының құрылымы	30

Қысқартулар мен аббревиатуралар тізімі

Агенттік	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ТИАИҚ	Тәуекелмен инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қор
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
МБҚ	Мемлекеттік бағалы қағаздар
ЕОБ	Еуропа орталық банкі
ЖИПҚ	Жабық инвестициялық пай қоры
АИПҚ	Аралық инвестициялық пай қоры
ДК	Дара кәсіпкер
ІБ	Ірі бизнес
ШОБ	Шағын және орта бизнес
АИПҚ	Ашық инвестициялық пай қоры
ИПҚ	Инвестициялық пай қоры
РЕПО	Repurchase Agreement/ Сатып алу келісімі
ҚР	Қазақстан Республикасы
БҚН	Бағалы қағаздар нарығы
ХЭОТ	Халықтың әлеуметтік осал топтары
ФРЖ	Федералдық резервтік жүйе
ETF	Биржада саудаланатын қор (exchange traded fund)
KASE	Қазақстан қор биржасы
ROA	Активтердің рентабельділігі (return on assets)
ROE	Меншікті капиталдың рентабельділігі (return on equity)

Негізгі оқиғалар

2025 жылғы тамызда сыртқы нарықтарда тұрақсыз макроэкономикалық көрсеткіштер, инфляциялық қысымның күшеюі және АҚШ-тың тарифтік саясатының жалғасуы аясында жаһандық экономикалық жағдайлардың белгісіздігі байқалды.

S&P Global есептеген J.P. Morgan жаһандық PMI индексі 2025 жылғы тамызда 2025 жылғы шілдедегі 52,5-тен 52,9-ға дейін аздап өсті. Бизнесінің оптимизмі үшінші ай қатарынан төмендеп, 2020 жылғы пандемиядан кейінгі ең төменгі деңгейге жетті. 2025 жылғы тамызда қызмет көрсету секторы алтыншы ай қатарынан өндірістік сектордан озып кетті. Қызмет көрсету секторында ең жоғары өсу қарқыны қаржылық қызмет көрсетушілерде, ал ең төменгісі тұтынушылық қызмет көрсету секторында тіркелді. Өндіріс секторында Үндістан тағы да ең маңызды өсуді көрсетті, ал АҚШ ең ірі дамыған экономикалар арасында көшбасшылықты сақтап қалды¹.

АҚШ-тағы жылдық инфляция 2025 жылғы шілдедегі 2,7%-дан 2025 жылғы тамызда 2,9%-ға дейін өсті, ал Еуроаймақта өткен ай деңгейінде сақталып, 2,0%-ды құрады.

VIX құбылмалылық индексі («қорқыныш» индексі) бір айда 8,1%-ға 15,4-ке дейін төмендеді. 2025 жылғы тамыз айындағы АҚШ долларының жаһандық индексі 2,2%-ға төмендеп, 97,8-ге жетті. АҚШ-тың 2 және 10 жылдық мемлекеттік облигацияларының кірістілігі сәйкесінше 4,0% және 4,4%-дан 3,6% және 4,2%-ға дейін төмендеді. Өз кезегінде, технологиялық компаниялардың оң корпоративтік нәтижелеріне және мемлекеттік облигациялар бойынша кірістіліктің төмендеуіне байланысты S&P индексінің 1,9%-ға, Dow Jones-тің 3,2%-ға және Nasdaq индексінің 1,6%-ға өсуі байқалады.

Ресей Федерациясынан Үндістанға мұнай импортына АҚШ баждарының енгізілуіне және АҚШ тарапынан сұраныстың төмендеуіне байланысты Brent маркалы мұнайдың бағасы 2025 жылғы тамызда барреліне 6,1%-ға 68,1 АҚШ долларына дейін төмендеді. Ұлттық қордан шетел валютасын сату аясында KASE-де теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы 2025 жылғы тамызда АҚШ доллары үшін 540,78 теңгеден 538,54 теңгеге дейін аздап нығайды.

Қазақстандағы қысқа мерзімді экономикалық индикатор 2025 жылғы қаңтар-тамызда 2024 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 9,6%-ға өсті. Экономика салалары бөлінісінде өндірістің ең көп өсуі көлік және қоймалау (+21,5%), құрылыс (+18,1%), сауда (+8,9%) және өнеркәсіп (+7,6%) салаларында байқалады. Ауыл шаруашылығы (+3,4%) және байланыс (+3,8%) салаларында аз серпінді өсім қалыптасты.

2025 жылғы тамызда инфляция аздап жеделдеп, 2025 жылғы шілдедегі 11,8%-ға қарсы 12,2%-ды құрады, бұл ақылы қызметтер бағасының 14,9%-дан 15,3%-ға дейін және азық-түлік тауарлары бағасының бір ай бұрынғы 11,2%-дан 11,7%-ға дейін өсуіне байланысты.

2025 жылғы тамызда іскерлік белсенділіктің өсу қарқыны аздап баяулап, 51,1-ді құрады. Өндірісте іскерлік белсенділік айтарлықтай жақсарды, онда индекс 53,8-ге дейін көтерілді (шілдеде – 51,9), қызметтер мен саудада белсенділік аздап баяулады, бірақ индикаторлар сәйкесінше 51,4 және 51,3 (шілдеде – 52,3 және 52,9) құрады. Құрылыс және тау-кен өнеркәсібінде жағдай іс жүзінде өзгерген жоқ – іскерлік белсенділік төмендеу аймағында қалып, 47,9 және 48,2 құрады (шілдеде – 47,5 және 48,4).

2025 жылғы тамызында кредиттік, инвестициялық және тұтынушылық белсенділіктің жеделдеуі байқалды. Экономикаға кредиттердің жылдық өсуі 2025 жылғы тамызда бір ай бұрынғы 21,6%-дан 22,1%-ға дейін, негізгі капиталға инвестициялардың өсуі 2,9%-дан 5,0%-ға дейін, бөлшек сауданың өсу қарқыны 6,6%-дан 8,2%-ға дейін жеделдеді.

¹ <https://pmi.spglobal.com/Public/Home/PressRelease/c10d3533cd054c5cb6927b22d47b5df2>.

Қабылданған реттеушілік шаралар

ҚР нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру шеңберінде Агенттік Басқармасы қаржы секторын дамытуға және тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған мынадай қаулыларды бекітті:

1) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 20 тамыздағы №32 қаулысымен «Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу қағидаларын және оның үлгілік нысанын бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы №27 қаулысына жалпыға бірдей белгіленген зейнетақы жасына жеткен, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар және оларды төлеу үшін бұрын зейнетақы қорына жүгінбеген салымшыларға жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін өтінішсіз тәртіппен жүзеге асыру бөлігінде зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгілік шарттың нысанына өзгерістерді көздейтін өзгерістер енгізілді;

2) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 20 тамыздағы №33 қаулысымен «Есептік тіркеуден өту және коллекторлық агенттіктердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы №49 қаулысына электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы хабарламалар жіберудің балама арнасын ұсыну бөлігінде өзгерістер енгізілді;

3) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 20 тамыздағы №34 қаулысымен «Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ оларды қызметтен шығару, оларда банктік қарыздың, микрокредиттің болуы не болмауы, банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемді кейінге қалдырудың ұсынылуы туралы мәліметтерді алмасу қағидаларын бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2024 жылғы 6 тамыздағы №50 қаулысына мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер туралы Қорғаныс министрлігі мен кредиттік бюролар арасында мәліметтер алмасу тәртібін көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;

4) 2025 жылғы 1 қарашаға дейін ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша ЖТСМ-ны 25%-дан 20%-ға дейін төмендету жөніндегі нормаларды тоқтата тұру бөлігінде «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен қаулысының құрылымдық элементінің қолданысын тоқтата тұру туралы» Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 20 тамыздағы № 35 қаулысы қабылданды.

5) «Банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталындағы инвестицияларының мөлшерін және банктің немесе банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталындағы инвестицияларының жиынтық мөлшерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 20 тамыздағы № 36 қаулысы қабылданды, онда банктер мен банк холдингтерінің қаржы технологиялары ұйымдарына: банктің немесе банк холдингінің меншікті капиталынан бір ұйымға 5%-дан аспайтын, мұндай инвестициялардың жиынтық мөлшері – банктің немесе банк холдингінің меншікті капиталынан 15%-дан аспайтын инвестициялар мөлшеріне қойылатын талаптарды белгілеу көзделеді.

6) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 20 тамыздағы №37 қаулысымен мінсіз іскерлік бедел ұғымын кеңейту, кандидаттар мен қаржы ұйымдарының жұмыс істеп тұрған басшыларының іскерлік беделін бағалау кезінде дәлелді пайымдауды қолдану, дәлелді пайымдауды қолдану кезінде ескерілетін фактілер тізбесін жаңа талаптармен толықтыру, оның ішінде адамның қаржы ұйымының төлем қабілетсіздігіне және оны мәжбүрлеп

таратуға әкеп соққан құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) жасау фактілерінің болмауы туралы бөлігінде «Уәжді пайымдауды қалыптастыру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы №189 қаулысына өзгерістер енгізілді;

7) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 20 тамыздағы № 38 қаулысымен Агенттік Басқармасының қаулыларына ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, атап айтқанда:

- банктің мобильдік қосымшасында клиентті бұрын тіркелмеген мобильдік құрылғыда қайта аутентификаттау тәртібін нақтылау;
- микрофон қосылған кезде мобильдік банкингі бұғаттау бойынша қосымша талап енгізу арқылы клиенттік деректерді қорғау деңгейін арттыру;
- банктің ақпараттық қауіпсіздігін ықтимал бұзумен байланысты олар бойынша жазбаларды сақтау қамтамасыз етілуі тиіс технологиялық оқиғалардың тізбесін кеңейту;
- «Qainar» ААӨЖ ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен оқыс оқиғалары бойынша ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйесін пайдалану тәртібін белгілеу;
- банктің инфрақұрылымының жұмыс істемеуі, атап айтқанда «Qainar» ААӨЖ-ға қолжетімділік болмаған кезде телефон байланысын пайдалану жағдайларында ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы уәкілетті органды хабардар етудің баламалы әдісін енгізу;
- банк тәуекелдерін басқару жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес мүдделер қақтығысын болдырмау үшін ақпараттық қауіпсіздік және алаяқтыққа қарсы күрес жөніндегі банк бөлімшелерінің функцияларын бөлу;
- банктің ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің жай-күйіне сыртқы аудит жүргізудің кезеңділігін белгілеу;

8) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 20 тамыздағы №40 қаулысымен «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі №184 қаулысына және «Инвестициялық банкингі басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысына мыналарды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оның ішінде:

- эндаумент-қорлардың активтерін есепке алу мен бақылауды ретке келтіру;
- кастодиандар мен инвестициялық портфельді басқарушылар арасындағы өзара іс-қимылды реттеу;
- активтердің нысаналы пайдаланылуын бақылауды күшейту;
- инвестициялық портфельді басқарушылардың міндеттерін нақтылау;
- кастодианды ауыстыру кезінде берілетін құжаттар мен ақпараттардың тізбесін нақтылау;

9) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 28 тамыздағы №42 қаулысымен ҚР кейбір нормативтік құқықтық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және шетелдік банктерді немесе олардың филиалдарын ашу тәртібіне қойылатын талаптарды ырықтандыру және банктердің, банк холдингтерінің басшы қызметкерлерін келісу рәсімдерін оңтайландыру бөлігінде кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;

10) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 28 тамыздағы №43 қаулысымен ҚР кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, олар мыналарды:

- шетелдік инвесторлардың қазақстандық бағалы қағаздарға құқықтарын есепке алу және растау үшін қазақстандық орталық депозитарийде дербес шоттар ашылатын шетелдік есепке алу ұйымдарына қойылатын талаптарды белгілеуді;

- шетелдік есепке алу ұйымының орталық депозитарийдегі шот бойынша операциялар жүргізу қағидаларын белгілеуді;

- клирингтік ұйымның бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру ерекшеліктерін айқындауды;

- орталық депозитарийдің кастодиандық қызметті жүзеге асыру шарттары мен тәртібін белгілеуді көздейді;

11) «Эндаумент-қор (нысаналы капитал) активтерінің есебінен нысаналы капитал қорының бір тұлғасы және үлестес тұлғалары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына (ақшаны қоспағанда) инвестициялардың жиынтық мөлшерін белгілеу және Эндаумент-қор (нысаналы капитал) активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесін, Эндаумент-қор (нысаналы капитал) активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарын басқарушы компаниялардың (фидуциарийлердің) басқаруы қағидаларын, сондай-ақ Эндаумент-қордың (нысаналы капиталдың) таза активтері мен активтерінің құнын есептеу және айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 28 тамыздағы № 44 қаулысы қабылданды, қаулымен мыналарды:

- 30% мөлшерде бір эмитенттің қаржы құралдарына салған инвестицияларының жиынтық мөлшерін;

- эндаумент-қорлар активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесін;

- басқарушы компаниялар үшін эндаумент-қорлардың активтерін басқару қағидаларын;

- эндаумент-қорлар активтерінің құнын есептеу және айқындау қағидаларын бекіту көзделеді;

12) ҚР кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді, олар мыналарды көздейді:

- қор биржасының ресми тізіміне «Борыштық бағалы қағаздарға арналған буфер» сегментін енгізуді;

- қор биржасы мүшелерінің уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ақпарат ұсынуы бойынша талаптарды;

- қор биржасының әрбір қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін беруден бас тарту немесе одан айыру туралы шешім қабылдау бөлігіндегі норманы;

- акционерлік қоғамның және қаржы ұйымының ресми интернет-ресурстарын жылдық қаржылық есептілікті жариялау үшін рұқсат етілген ресурстар тізбесіне қосуды көздейді;

13) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 28 тамыздағы №46 қаулысымен банк және микроқаржылық қызмет мәселелері бойынша ҚР кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізілді, олар мыналарды:

- жеке тұлғаға кредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін банктер мен МҚҰ-ның кредиттік есепте және АХАЖ-да кредит алудан ерікті түрде бас тарту, мерзімді әскери қызметке шақыру, банктерде және МҚҰ-да бұрын алынған кредиттер, тіркелген неке (ерлі-зайыптылық) туралы мәліметтерді тексеру міндетін;

- банктер мен МҚҰ-ның жеке тұлғаға кредиттен ерікті түрде бас тарту, мерзімді әскери қызметке шақыру болуы, 150 АЕК- тен астам сомаға онлайн тұтынушылық кепілсіз банктік қарыз, 75 АЕК-тен жоғары микрокредит ресімдеу кезінде бұрын алынған кредиттер болмауы кезінде кредиттен бас тарту міндетін;

- 21 жасқа толмаған және 55 жастан асқан адамдармен тек олардың келісімі болған жағдайда шарт жасасуды;

- банктік онлайн кредиттер үшін шешім қабылдау кезеңін енгізу;

- шешім қабылдау кезеңінен кейін жеке тұлғалардың тұтынушылық кепілсіз кредит шартын жасасуға және ақша аударуға келісімдерін ресімдеу және алу тәртібін айқындау;

- банктердің ішкі құжаттарын бір күн ішінде 255 АЕК-тен астам сомаға бірнеше кепілсіз тұтынушылық қарыздар беру кезінде алаяқтық тәуекелдерін азайту жөніндегі шаралармен толықтыруды көздейді;

14) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 28 тамыздағы №47 қаулысымен Агенттікке ұсынылатын құжаттар тізбесін кеңейту бөлігінде «Қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды хабардар ету қағидаларын, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың және хабарламада көрсетілген бекітілген қаржы өнімдері жөнінде мәліметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 137 қаулысына өзгерістер енгізілді;

15) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 28 тамыздағы №48 қаулысымен мүгедектігі бар адамдарға және банктердің халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қызмет көрсету тәртібін, банктік қарыз бойынша төлемдерді есептеу үшін банк сайтында калькулятор орналастыруды, төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтердің жоғарылауы және клиенттердің жолданымдарын қарау мерзімдерін регламенттеу туралы клиенттерді 3 ай бұрын хабардар ету міндетін көздейтін «Банктік қызметтерді көрсету және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызметтерді көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 136 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;

16) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 29 тамыздағы №53 қаулысымен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі құжаттар әзірлеу, антифрод-жүйелердің болуы және онлайн-кредиттер үшін «шешім қабылдау кезеңін» енгізу жөнінде МҚҰ-ға қосымша талаптар енгізу бөлігінде «Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 217 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;

17) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 28 тамыздағы №49 қаулысымен банктердің және МҚҰ - ның халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын және төтенше оқиғалардан зардап шеккен қарыз алушы-жеке тұлғаларға берешекті өтеу бойынша кейінге қалдыру және берешекті реттеу мәселесін қарау үшін проблемалы қарыз алушылардың кредиторларға ұсынатын құжаттардың бірыңғай тізбесін бекіту міндетін белгілеу бөлігінде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының «Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 16 шілдедегі № 82 қаулысына және «Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 16 шілдедегі № 84 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;

18) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 28 тамыздағы №50 қаулысымен кәсіпкерлік мақсаттарға қарыз (микрокредит) беру кезінде қарыз алушы - жеке тұлғаның жұбайының (зайыбының) келісімін алу жөніндегі талаптарды алып тастауды көздейтін «Жеке тұлғаға тіркелуге жататын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз немесе микрокредит беруге жұбайының (зайыбының) келісімін алу қағидаларын, жеке тұлғаға тұтынушылық банктік қарыз немесе микрокредит беруге жұбайының (зайыбының) келісімі қажет болатын тұтынушылық банктік қарыздың немесе

микрокредиттің ең төмен мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 55 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;

19) «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың микрокредиттер беру, ақпаратты жария ету және клиенттердің микрокредиттер беру процесінде туындайтын жолданымдарын қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 28 тамыздағы № 51 қаулысымен Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың микрокредиттер беру, ақпаратты жария ету және клиенттердің микрокредиттер беру процесінде туындайтын жолданымдарын қарау, оның ішінде клиенттердің құқықтары мен мүдделерін сақтау саясаты мен рәсімдерінің болуы жөніндегі МҚҰ-ның міндеттерін көздейтін қағидалары бекітілді, оларды іске асыру микрокредиттер беру процестерінде тұтынушылар үшін тәуекелдерді талдау, қызмет көрсету сапасын бағалау, клиенттердің жолданымдарын қарау, жүйелік проблемаларды анықтау және жою үшін мамандандырылған бөлімше құрумен не жауапты адамды тағайындаумен қамтамасыз етіледі;

20) Агенттік Басқармасының 2025 жылғы 28 тамыздағы №52 қаулысымен пруденциялық реттеу мәселелері бойынша ҚР кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Агенттік Басқармасының 12.02.2021ж. №23 қаулысын бейрезидент-банктің жаңадан ашылатын филиалының резерві ретінде қабылданатын активтер тек Ұлттық Банктегі корреспонденттік шотта емес, сонымен қатар ҚР МБҚ-да, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ-тың, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тың бағалы қағаздарына және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес, 100% акционері Ұлттық Банк болып табылатын жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғаның бағалы қағаздарына орналастырылатын нормамен толықтыру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

1. Банк секторы

01.09.2025ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 23 екінші деңгейдегі банк бар, оның 15-і шетелдің қатысуымен, оның ішінде 10 еншілес банк.


1.1-кесте. Банк секторының құрылымы

	01.01.2023	01.01.2024	01.01.2025	01.08.2025	01.09.2025
Барлығы ЕДБ	21	21	21	22	23
Барлығы ЕДБ филиалдары	250	260	263	265	282
Қазақстан Республикасындағы барлық бейрезидент-банктердің өкілдіктері	19	19	19	19	19
Шет елдегі барлық ЕДБ-нің өкілдіктері	4	4	4	4	4


1.1. Банктердің қаржылық көрсеткіштері

Банк секторының жиынтық активтері 01.09.2025ж. жағдай бойынша негізінен несие портфелінің 2,7%-ға 40 898 млрд теңгеге дейін өсуі есебінен 2025 жылғы тамызда 2,4%-ға ұлғайып (2025 жылдың басынан бастап 8,3%-ға өсу), 66 649 млрд теңгені құрады (1.1-сурет).

1.1-сурет. Банктердің активтері



1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер



Екінші деңгейдегі банктердің 19 547 млрд (жиынтық активтердің 29,3%-ы) сомасында өтімділігі жоғары активтері бар, олар 2025 жылғы тамызда 2,3-ға өсті (1.2-сурет). Өтімділіктің жеткілікті қорының болуы банктерге өз міндеттемелерін толық көлемде орындауға мүмкіндік береді.

Банк секторының міндеттемелері негізінен клиенттер салымдарының 0,8%-ға және репо операцияларының 22,5%-ға ұлғаюы есебінен 2025 жылғы тамызда 2,3%-ға 56 860 млрд теңгеге дейін өсті (2025 жылдың басынан бастап 8,0% - ға өсті). Банк секторы міндеттемелерінің құрылымында негізінен банктердің жиынтық міндеттемелерінің 78,6%-ын немесе 44 696 млрд теңгені құрайтын клиенттердің салымдары бар.


Банктердің меншікті капиталы 2025 жылғы тамызда негізінен бөлінбеген таза пайданың ұлғаюы нәтижесінде 3,1%-ға 9 789 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылдың басынан бастап 10,1%-ға өсу).

01.09.2025ж. жағдай бойынша банк секторында капиталдың жеткілікті қоры бар (1.3-сурет). Негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (κ_1) – 19,7%, меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (κ_2) – 21,1%, бұл жүйе бойынша орташа алғанда заңнамада белгіленген нормативтерден едәуір асып түседі және банктерге әлеуетті тәуекелдерді өтеуге мүмкіндік береді.


2025 жылғы қаңтар- тамызда банктердің таза пайдасы 1 864 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 14,7%-ға артық.

Банк активтерінің рентабельділігі (ROA) 01.09.2025ж. 4,5%-ды (01.08.2025ж. – 4,6%), капиталдың рентабельділігі (ROE) 30,8%-ды (01.08.2025ж. – 31,5%) құрады (1.4-сурет).

1.3-сурет. Банктердің міндеттемелері, капиталы



1.4-сурет. Банктер кірістілігінің көрсеткіштері



Екінші деңгейдегі банктердің экономикаға берген кредиттері


Екінші деңгейдегі банктердің экономикаға берген кредиттері 2025 жылғы тамызда 2,4%-ға 38 032 млрд теңгеге дейін өсті (2025 жылдың басынан бастап 12,7%-ға өсті). Экономикаға берілетін кредиттер құрылымында бизнес субъектілеріне² берілетін қарыздардың үлесі 37,6%-ды, ипотекалық қарыздар 17,4%-ды, тұтынушылық қарыздар және халыққа³ берілетін өзге де қарыздар 45,0%-ды (1.5 және 1.6 суреттер) құрайды.

2025 жылғы тамызда ұлттық валютадағы кредиттер 2,6%-ға 34 833 млрд теңгеге дейін (1.7-сурет), шетел валютасындағы кредиттер 1,1%-ға 3 199 млрд теңгеге дейін ұлғайды. 01.09.2025ж. теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы 91,6%-ды құрады.


² Бизнес субъектілеріне кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін кредит алған заңды тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер жатқызылды

³ ДК-нің кәсіпкерлік мақсаттарға алған кредиттерін қамтымайды


1.5-сурет. Экономикаға берілген кредиттер



1.6-сурет. Экономикаға берілген кредиттердің құрылымы



1.7-сурет. Валюталар бойынша экономикаға берілген кредиттер



Экономикаға берілген кредиттер құрылымында мерзімдер бойынша ұзақ мерзімді қарыздар басым – 86,1%, бұл ретте қысқа мерзімді қарыздар екінші деңгейдегі банктердің экономикаға берілген кредиттерінің жалпы сомасының 13,9%-ын құрайды.

2025 жылғы тамызда ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі 2,9%-ға 32 731 млрд теңгеге дейін өсті, қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 0,3%-ға 5 300 млрд теңгеге дейін аздап қысқарды.


2025 жылғы тамызда 3 450 млрд теңгеге жаңа кредиттер берілді, бұл 2024 жылдың тиісті айымен салыстырғанда 11,8%-ға артық (ағымдағы жылдың басынан бастап 25 003 млрд теңге берілді, бұл 2024 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 11,0%-ға артық).

Бизнес субъектілеріне берілген кредиттер⁴

Екінші деңгейдегі банктердің бизнес субъектілеріне берген кредиттері 2025 жылғы тамызда негізінен инвестицияларға және бағалы қағаздарды сатып алуға берілген қарыздардың 1,5%-ға 3 666 млрд теңгеге дейін өсуі есебінен 14 319 млрд теңгеге дейін (2025 жылдың басынан бастап 9,4%-ға өсу) 1,4%-ға ұлғайды. Ірі бизнеске берілген қарыздар мерзімінен бұрын өтеу нәтижесінде 1,6%-ға 5 130 млрд теңгеге дейін төмендеді. ШОБ субъектілеріне берілген қарыздар 2,0%-ға 6 299 млрд теңгеге дейін ұлғайды, ДҚ қарыздары 5,6%-ға 2 890 млрд теңгеге дейін өсті.

⁴ «Ақша-кредит және банк статистикасы» бөлімінің деректері бойынша, «Кредит нарығы» кіші бөлімі (<https://nationalbank.kz/ru/news/loans-to-economy-from-second-tier-banks/rubrics/1840>). Бизнес субъектілеріне кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін кредит алған заңды тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер жатады

1.8-сурет. Бизнес субъектілеріне берілген қарыздар



2025 жылғы тамызда салалар бойынша бизнеске берілген кредиттердің өсуі іс жүзінде барлық салада байқалады. Өнеркәсіпте кредиттер 1,1%-ға 4 685 млрд теңгеге дейін, саудада 3,4%-ға 3 928 млрд теңгеге дейін, құрылыста 1,1%-ға 756 млрд теңгеге дейін, ауыл шаруашылығында 5,0%-ға 526 млрд теңгеге дейін, ақпарат пен байланыста 1,5%-ға 193 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Көлік саласында бизнеске берілген кредиттер мерзімінен бұрын өтеу нәтижесінде 10,6%-ға 913 млрд теңгеге дейін төмендеді.

2025 жылғы тамызда бизнес субъектілеріне 1 658 млрд теңге сомасына жаңа қарыздар берілді, бұл 2024 жылдың тиісті айымен салыстырғанда 10,8%-ға көп (ағымдағы жылдың басынан бастап 12 130 млрд теңге берілді, бұл 2024 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 8,8%-ға көп).

2025 жылғы тамызда бизнес субъектілеріне ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі ШОБ кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 0,3 п.т. 19,0%-ға төмендеуіне байланысты 21,5%-ды құрады (2025 жылғы шілдеде 21,8%) (1.10-сурет).


Халыққа берілген кредиттер

Екінші деңгейдегі банктердің халыққа берген кредиттері 2025 жылғы тамызда 3,1%-ға 22 713 млрд теңгеге дейін өсті (2025 жылдың басынан бастап 14,7%-ға өсті). Халыққа берілетін кредиттер құрылымында тұтынушылық қарыздар 2,1%-ға 15 984 млрд теңгеге дейін өсті (2025 жылдың басынан бастап 16,1%-ға өсті), ипотекалық кредиттеу 2,5%-ға 6 608 млрд теңгеге дейін өсті (2025 жылдың басынан бастап 9,0%-ға өсті) (1.9-сурет).

1.9-сурет. Халыққа берілген кредиттер



1.10-сурет. Теңгемен кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер



2025 жылғы тамызда халыққа 1 792 млрд теңгеге жаңа кредиттер берілді, бұл өткен жылғы тамызбен салыстырғанда 12,7%-ға көп (ағымдағы жылдың басынан бастап 12 873 млрд теңге берілді, бұл 2024 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 13,1%-ға көп).

Тұтыну мақсаттарына 1 444 млрд теңге бөлінді, бұл 2024 жылдың тиісті айымен салыстырғанда 10,1%-ға артық, ипотекалық қарыздар 288 млрд теңге, бұл 2024 жылдың тамызымен салыстырғанда 38,0%-ға көп.


2025 жылғы тамызда халыққа ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 19,3%-ды құрады (2025 жылғы шілдеде – 20,2%) (1.10-сурет).

Кредиттік портфельдің сапасы, провизиялар⁵

01.09.2025ж. жағдай бойынша кредиттік портфельдің жалпы көлемінде 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің үлесі 3,5%-ды немесе 1 435 млрд теңгені құрады (2025 жылдың басында 3,1% немесе 1 094 млрд теңге). Халыққа берілетін кредиттер портфелінде⁶ 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар қарыздар деңгейі 4,5%-ды немесе 1 071 млрд теңгені (01.01.2025 ж. – 3,8% немесе 790 млрд теңге), бизнес субъектілеріне берілетін кредиттер портфелінде 2,2%-ды немесе 364 млрд теңгені (01.01.2025ж. – 2,1% немесе 304 млрд теңге) құрады (1.11-сурет).

90 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар кредиттерді провизиялармен өтеу деңгейі 65,4%-ды құрады (01.01.2025 ж. – 67,0%).

1.11-сурет. 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар қарыздар



1.2. Депозит нарығы⁷

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері 2025 жылғы тамызда негізінен ұлттық валютадағы депозиттердің 1,0%-ға 33 302 млрд теңгеге дейін ұлғаюы нәтижесінде 1,0%-ға 42 796 млрд теңгеге дейін (2025 жылдың басынан бастап 3,7%-ға өсу) ұлғайды.


Шетел валютасындағы депозиттер 0,8%-ға 9 494 млрд теңгеге дейін ұлғайды. 01.09.2025ж. депозиттердің долларлану деңгейі өткен ай деңгейінде сақталып, 22,2%-ды құрады.

⁵ ЕДБ-нің реттеушілік есептілігіне сәйкес


⁶ Дара кәсіпкерлерге кәсіпкерлік мақсаттарға берілген кредиттерді қоспағанда, жеке тұлғаларға (бейрезиденттерді қоса алғанда) қарыздар

⁷ Ұлттық Банктің сайтында «Монетарлық статистика» бөлімінде берілген «Депозиттік ұйымдардағы депозиттер» кестесінің негізінде (<https://nationalbank.kz/ru/depositaryorganizationsdeposits/depozity-v-depozitnyh-organizatsiyah->)

1.12-сурет. Депозиттік ұйымдардағы резиденттердің депозиттері



1.13-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер



Заңды тұлғалардың депозиттері 2025 жылғы тамызда негізінен шетел валютасындағы депозиттердің 2,1%-ға 5 087 млрд теңгеге дейін өсуі нәтижесінде 0,8%-ға 18 668 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 0,3%-ға 13 581 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Жеке тұлғалардың депозиттері негізінен ұлттық валютадағы депозиттердің 1,5%-ға 19 721 млрд теңгеге дейін ұлғаюы нәтижесінде 1,1%-ға 24 127 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Жеке тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттері 0,7%-ға 4 406 млрд теңгеге дейін төмендеді (1.12-сурет).

Мерзімді депозиттер көлемі 33 452 млрд теңгені құрап, 2025 жылғы тамызда 0,9%-ға ұлғайды. Олардың құрылымында ұлттық валютадағы салымдар 26 925 млрд теңгені, шетел валютасындағы салымдар 6 527 млрд теңгені құрады.

Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 2025 жылғы тамызда 15,4%-ды (2025 жылғы шілдеде – 15,5%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 14,3%-ды құрады (2025 жылғы шілдеде – 14,3%) (1.13-сурет).

1.3. Қолданылған ықпал ету шаралары және әкімшілік жазалар

2025 жылғы тамызда екінші деңгейдегі банктерге қатысты:

- 2 банк заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтары үшін жазбаша нұсқама нысанындағы шаралар;
- банк қызметіндегі анықталған тәуекелдер мен кемшіліктер үшін қадағалап ден қоюдың 4 ұсынымдық шарасы қолданылды.

Сонымен қатар, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының, «ҚР-дағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы 715 хаттама жасалды, олар бойынша әкімшілік жаза 42,4 млн теңгені құрады.

1.4. Рұқсат беру қызметі

2025 жылғы тамызда екінші деңгейдегі банктің 3 басшы қызметкері келісілді және 1 басшы қызметкеріне бас тартылды және банк операцияларын жүргізуге 1 лицензия берілді.

2. Сақтандыру секторы

01.09.2025ж. жағдай бойынша ҚР сақтандыру секторында 25 сақтандыру ұйымы бар, оның ішінде 10 – өмірді сақтандыру бойынша (2.1-кесте).


2.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы

	01.01.2024	01.01.2025	01.08.2025	01.09.2025
Барлық сақтандыру ұйымдары	25	25	25	25
- жалпы сақтандыру бойынша	16	15	15	15
- өмірді сақтандыру бойынша	9	10	10	10
Сақтандыру брокерлері	10	13	13	13
Актuariйлер	58	65	67	67


2.1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық көрсеткіштері

2025 жылғы тамызда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері 3 681 млрд теңгеге дейін 2,9%-ға ұлғайды (2025 жылдың басынан 17,8%-ға өсу) (2.1-сурет). Активтердің ұлғаюы сақтандыру қызметінен және бағалы қағаздарға инвестициялардан кірістердің өсуіне байланысты болды.

2.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері



2.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы



Активтер құрылымында ең көп үлесті бағалы қағаздар – жиынтық активтердің 73,1%-ын (2 689,5 млрд теңге) құрайды, олар 2025 жылғы тамызда 5,6%-ға ұлғайды (2025 жылдың басынан 13,3%-ға өсу) (2.2-сурет).

Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған ақша қаражаты мен салымдар 2025 жылғы тамызда 6,3%-ға 254,1 млрд теңгеге дейін азайды (2025 жылдың басынан бері 53,4%-ға өсу).


Қайта сақтандыру активтері 3,5%-ға 132,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылдың басынан 28,4%-ға өсу).

Сақтандыру дебиторлық берешегі 1,2%-ға 168,8 млрд теңгеге дейін азайды (2025 жылдың басынан – 36,5%-ға өсу).


Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 2025 жылғы тамызда 2,6%-ға 2 600 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылдың басынан – 19,2%-ға өсу).

Міндеттемелер құрылымында ең көп үлес сақтандыру резервтеріне тиесілі - жиынтық міндеттемелердің 90,3%-ы немесе 2 347 млрд теңге. 2025 жылғы тамызда сақтандыру резервтері 2,4%-ға өсті (2025 жылдың басынан – 21,2%-ға өсу) (2.3-сурет).

2.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері мен капиталы



2.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі



Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталы 2025 жылғы тамызда есепті кезеңдегі таза пайданың өсуі нәтижесінде 1 081 млрд теңгеге дейін (2025 жылдың басынан бері 14,4%-ға өсу) 3,7%-ға ұлғайды.

Сақтандыру секторының 2025 жылғы тамыздағы таза пайдасы 33,5 млрд теңгені құрады (2025 жылдың басынан бері таза пайда – 188,6 млрд теңге) (2.4-сурет).

2.2. Сақтандыру сыйлықақылары, төлемдер

2025 жылғы тамызда сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі⁸ 146,3 млрд теңгені (2.5-сурет), 2025 жылдың басынан бері 1 110,2 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 14,9%-ға көп (2.9-сурет).


2025 жылғы тамызда міндетті сақтандыру бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 25,5 млрд теңгені, 2025 жылдың басынан 180,1 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 5,9%-ға көп. Өсу, негізінен, 19,3%-ға 68,4 млрд теңгеге дейін көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сыйлықақылардың ұлғаюымен байланысты.

Ерікті жеке сақтандыру бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2025 жылғы тамызда 73,4 млрд теңгені, 2025 жылдың басынан бері 542,2 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 15,2%-ға көп. Өсу, негізінен, жинақталған сыйақылардың зейнетақы аннуитеттік сақтандыру бойынша 10,9%-ға 227,5 млрд теңгеге дейін және өмірді сақтандыру бойынша 19,3%-ға 160,3 млрд теңгеге дейін ұлғаюына байланысты.


Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2025 жылғы тамызда – 47,4 млрд теңгені, 2025 жылдың басынан бері 387,9 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 19,1%-ға көп. Өсу, негізінен, жинақталған сақтандыру сыйлықақыларының 91,0%-ға өзге қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы және 14,7%-ға шығындардан мүлктік сақтандыру бойынша ұлғаюына байланысты болды.

⁸ резиденттерден келіп түскен қайта сақтандыру сыйлықақыларын және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып

2.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні




2.6-сурет. Жасалған шарттар саны



2025 жылдың басынан бері жасалған сақтандыру шарттарының саны 17,2 млн дана болды, бұл 2024 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 16,2%-ға артық. Өсу негізінен өмірді сақтандыру бойынша жасалған шарттар санының 107,9 %-ға ұлғаюына байланысты болды.

2025 жылғы тамызда сақтандыру төлемдерінің көлемі⁹ 37,0 млрд теңгені (2.7-сурет), 2025 жылдың басынан бері 282,0 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 39,0%-ға көп, 2025 жылғы тамызда барлығы 130,8 мың төлем жасалды (2.8 және 2.9-суреттер).

2.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні



2.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны



2025 жылғы тамызда міндетті сақтандыру бойынша 12,5 млрд теңге сомаға, 2025 жылдың басынан бері 102,4 млрд теңге сомаға сақтандыру төлемдері жүзеге асырылды, бұл негізінен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру есебінен 30,6%-ға ұлғайды, 2024 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 23,6%-ға көп.


Ерікті жеке сақтандыру бойынша 2025 жылғы тамызда 13,5 млрд теңге, 2025 жылдың басынан бері 87,5 млрд теңге сомаға сақтандыру төлемдері жүзеге асырылды, бұл негізінен 34,8%-ға ауырған жағдайда сақтандыру сыныбы есебінен және 109,8%-ға зейнетақы аннуитеті есебінен ұлғайып, 2024 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 40,4%-ға көп.

Ерікті мүлдіктік сақтандыру бойынша 2025 жылғы тамызда сақтандыру төлемдері 10,9 млрд теңге, 2025 жылдың басынан бері 92,0 млрд теңге сомаға жүзеге асырылды, бұл


⁹ резиденттерден кіріс қайта сақтандыру бойынша төлемдерді шегергенде

негізінен 85,9%-ға залалдан мүлкті сақтандырудың өсу есебінен ұлғайды, 2024 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 59,7%-ға көп.

2.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері



2.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтанушылардан өтемақы



2.3. Қайта сақтандыру статистикасы

2025 жылғы тамызда қайта сақтандыруға¹⁰ 15,7 млрд теңге сомаға сақтандыру сыйлықақылары берілді, бұл сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 10,7%-ын құрайды (2.10-сурет). 01.09.2025ж. жағдай бойынша сақтандыру сыйлықақыларының негізгі бөлігі – 81,8% немесе 102,5 млрд теңге Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді.

2025 жылғы тамызда қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары 13,9 млрд теңге сомаға сақтандыру сыйлықақыларын қабылдады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2025 жылдың басынан бері 106,8 млрд теңгені құрайды.

2025 жылғы тамызды қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу 1,3 млрд теңгені немесе жиынтық сақтандыру төлемдерінің 3,5%-ын құрады.

2.4. Қолданылған қадағалап ден қою шаралары мен санкциялар

2025 жылғы тамызда сақтандыру нарығының субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұзғаны үшін 4 жазбаша ұйғарым, 11 әкімшілік жаза және 17 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы қолданылды.

2.5. Рұқсат беру қызметі

2025 жылғы тамызда басшы қызметкерді сайлауға (тағайындауға) 1 келісім берілді, тестілеудің теріс нәтижесіне байланысты 2 үміткерге сақтандыру ұйымының басшы лауазымына тағайындаудан бас тартылды, актуарлық қызметті жүзеге асыруға 1 лицензия берілді және актуарлық қызметті жүзеге асыруға 1 лицензияның қолданылуы тоқтатылды.

¹⁰ қайта сақтандыруға берілген шарттарды бұзумен байланысты кірістерді шегергенде

3. Бағалы қағаздар нарығы

3.1. Акциялар нарығы


Акциялар нарығын капиталдандыру 2025 жылғы тамызда 5,1%-ға 39,6 трлн теңгеге дейін (2025 жылдың басынан бері 20,4%-ға өсу), негізінен KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін, «Kaspi.kz» АҚ-тың (+6,6%), «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (+8,7%) және «ForteBank» АҚ (+15,5%) акциялары бағасының өсуі есебінен болды (3.1-сурет).

01.09.2025ж. KASE индексі 6 993,05 тармақты құрап, 2025 жылғы тамызда 9,0%-ға ұлғайды (2025 жылдың басынан бері 25,4%-ға өсу).


2025 жылғы тамызда акциялармен сауда-саттық көлемі 24,8 млрд теңгені құрады, бір айда негізінен «ForteBank» АҚ-тың және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың акцияларымен сауда-саттық көлемін төмендету есебінен 12,2%-ға төмендеді (3.2-сурет).

01.09.2025ж. жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 76 қазақстандық эмитенттің 80 акциясы болды, оның ішінде 2 эмитенттің 2 акция атауы «Листингтік емес бағалы қағаздар» секторында айналысқа жіберілген.

3.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру



3.2-сурет. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



«KASE Global» секторында 01.09.2025ж. жағдай бойынша 59 шетелдік эмитенттің 47 акция атауы және 18 ETF болды. 2025 жылғы тамызда «KASE Global» секторында жасалған мәмілелердің жиынтық көлемі негізінен ProShares Trust, Intel Corporation, NVIDIA Corp., Advanced Micro Devices, Inc. акцияларының сауда-саттығы көлемінің өсуі есебінен бір айда 30,1%-ға ұлғайып, 17,7 млрд теңгені құрады.

3.2. Облигациялар нарығы

2025 жылғы маусымда KASE-де саудаланатын корпоративтік борыштың көлемі 0,3%-ға азайып, 14,0 трлн теңгені құрады (2025 жылдың басынан бері 1,9%-ға өсті) (3.3-сурет).


Корпоративтік облигациялар сауда-саттығының көлемі 2025 жылғы тамызда негізі қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемінің өсуі есебінен өткен айдағы көрсеткіштен 34,0%-ға немесе 496,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды (3.4-сурет).

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 2025 жылғы тамызда 339,9 млрд теңгені құрады, бұл 2025 жылғы шілдедегі көрсеткіштен 8,1%-ға көп.


2025 жылғы маусымда 14 эмитенттің 19 корпоративтік облигациялар шығарылымы орналастырылды, купондық сыйақы мөлшері 1,0%-дан 24,5%-ға дейін ауытқыды.

01.09.2024ж. жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 137 эмитенттің 609 корпоративтік облигацияларының шығарылымы болды (01.01.2025ж. – 126 эмитенттің 511 корпоративтік облигациялар шығарылымы).

3.3-сурет. Айналыстағы облигациялар



3.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



2025 жылғы тамызда корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша банктердің үлесі 7,5%-ды (2025 жылғы шілдеде – 12,2%), брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 5,8% (4,1%), басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 12,0% (5,8%), өзге заңды тұлғалардың үлесі – 46,8% (53,1%), жеке тұлғалардың үлесі – 27,9% (24,8%) құрады.


3.3. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы 2025 жылғы тамызда 1,6%-ға 30,0 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2025 жылдың басынан бері 11,1%-ға өсті) (3.5-сурет).


KASE-де мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2025 жылғы тамызда өткен аймен салыстырғанда 7,5%-ға, 791,2 млрд теңгеге дейін азайды (3.6-сурет).

2025 жылғы тамызда МБҚ бастапқы нарығында сауда-саттық көлемі 8,2%-ға 671,7 млрд теңгеге дейін азайды. Оның ішінде өтеуге кірістілігі 16,75-17,00% болатын 8 облигациялар шығарылымын орналастырып, 590,6 млрд теңгені Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тартты, жеті облыстың әкімдіктері мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың шеңберінде 81,0 млрд теңге тартты.

3.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы



3.6-сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі



2025 жылғы маусымда МБҚ қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша банктердің үлесіне 20,7% (2025 жылғы шілдеде – 51,0%), брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 6,0% (1,4%), басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 14,9% (17,1%), өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 56,4% (27,8%), жеке тұлғалардың үлесіне – 1,6% (2,8%) тиесілі болды.

3.4. Ұжымдық инвестициялар нарығы

01.09.2025ж. жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында 58, оның ішінде 24 аралық, 33 жабық және 1 ашық инвестициялық пай қоры болды (3.1-кесте).

3.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы

	01.01.23	01.01.24	01.01.25	01.08.25	01.09.25
Инвестициялық қорлар	64	68	73	74	74
Пай қорлары, оның ішінде	47	51	58	58	58
Аралық ИПҚ, АИПҚ	25	26	25	25	25
ЖИПҚ	22	25	33	33	33
Акционерлік, оның ішінде	17	17	15	16	16
ТИАИҚ	6	6	5	5	5

Инвестициялық пай қорлары активтерінің көлемі 2025 жылғы тамызда жеке инвестициялық қордың бағалы қағаздарының құнын 2,2 млрд теңгеге оң қайта бағалауға байланысты 381,2 млрд теңгеге дейін 0,9%-ға өсті. Акционерлік инвестициялық қорлардың активтерін ескере отырып, активтердің көлемі 2025 жылғы тамызда 445,7 млрд теңгеге 0,9%-ға дейін өсті.

Инвестициялық пай қорларының активтер құрылымындағы ақша қаражаты 2,4%-ға ұлғайып, 6,9 млрд теңгені құрады.


01.09.2025ж. жағдай бойынша инвестициялық пай қорларының негізгі активі бағалы қағаздар портфелі болып табылады, ол 320,1 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 84,0%-ын құрайды.

01.09.2025ж. жағдай бойынша инвестициялық пай қорларының портфеліндегі ҚР резидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 235,5 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 61,8%-ын, бейрезидент эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 46,1 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 12,1%-ын құрады. Сондай-ақ, активтердің құрамында 4,7 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 1,2%-ы мөлшерінде инвестициялық қорлардың пайлары бар (3.8-сурет).


01.09.2025ж. жағдай бойынша жеке басқарушылардың басқаруындағы зейнетақы активтері негізінен жаңа салымшылардың жарналары есебінен 1,8%-ға немесе 1,2 млрд теңгеге ұлғайып, 68,4 млрд теңгені құрады (жылдың басынан бері 4,8%-ға төмендеді).

01.09.2025ж. жағдай бойынша пай ұстаушылардың саны 11 548 жеке тұлғаны және 135 заңды тұлғаны құрады. Өткен аймен салыстырғанда пай ұстаушылардың саны 53 жеке тұлғаға ұлғайды.

3.7-сурет. Инвестициялық қорлардың активтері



3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы



3.5. Бағалы қағаздар нарығының институционалдық құрылымы

01.09.2025ж. жағдай бойынша ҚР бағалы қағаздар нарығында 42 брокер және (немесе) дилер (16 банк және 26 банктік емес ұйым), 11 кастодиан-банк, 21 инвестициялық портфельді басқарушы, 4 трансфер-агент, сондай-ақ 3 инфрақұрылымдық ұйым бар: «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «KASE» клиринг орталығы» АҚ және бірыңғай тіркеуші және сауда репозиторийі функцияларын орындайтын «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) (4.2-кесте).

01.09.2025ж. жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялардың саны 82 дананы құрады.

3.2-кесте. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы


	01.01.23	01.01.24	01.01.25	01.08.25	01.09.25
Барлық брокер-дилерлер, оның ішінде:	38	39	40	42	42
банктер	15	16	16	16	16
оның ішінде I санаттағы	12	13	13	13	13
банктік емес ұйымдар	23	23	24	26	26
оның ішінде I санаттағы	23	23	24	25	25
Кастодиандар	10	11	11	11	11
Инвестициялық портфельді басқарушылар	20	21	21	21	21
Трансфер-агенттер	3	4	4	4	4
Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушы	1	1	1	1	1
БҚН-да қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі	1	2	2	2	2
Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі	1	1	1	1	1
Жиынтығы	74	78	80	82	82

Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесіндегі шоттардың саны 2025 жылғы тамызда 3,0%-ға 4 459,6 мың шотқа дейін ұлғайды, оның ішінде:

- депонент клиенттердің қосалқы шоттарының саны 1,3 мыңға немесе 0,2%-ға 694,3 мың қосалқы шотқа дейін ұлғайды (2025 жылдың басынан бері 8,9 мыңға немесе 1,3%-ға ұлғаю);

- брокерлер ашқан және біріктірілген омбинус-шоттар арқылы есепке алынатын жеке шоттардың саны 128,5 мыңға немесе 3,5%-ға 3 765,3 мың қосалқы шотқа дейін ұлғайды (2025 жылдың басынан бері 949,9 мыңға немесе 33,7%-ға өсу).

3.9-сурет. Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесіндегі шоттардың саны



3.6. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері¹¹

Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтері 2025 жылғы тамызда негізінен РПЕО операцияларының есебінен 4,1%-ға немесе 585,0 млрд теңгеге дейін ұлғайды (жыл басынан бері 24,0%-ға төмендеу) (3.10-сурет). Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың активтерінің құрылымында 01.09.2025ж. жағдай бойынша негізгі үлесті 364,0 млрд теңге мөлшерінде немесе жиынтық активтердің 62,2%-ын бағалы қағаздар портфелі алады (3.11-сурет). ҚР эмитенттерінің брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың портфеліндегі мемлекеттік емес бағалы қағаздары 217,3 млрд теңгені немесе 37,1%-ды, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары 81,9 млрд теңгені немесе 14,0%-ды, шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 33,9 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 5,8%-ын құрады.


01.09.2025ж. ақша қаражатының көлемі бір айда 6,2%-ға азайып, 37,1 млрд теңгені құрады. Сондай-ақ, активтер құрылымында 147,6 млрд теңгені немесе барлық активтердің 26,5%-ын құрайтын елеулі үлес салмағы басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестицияларға және реттелген борышқа тиесілі.

01.09.2025ж. жағдай бойынша міндеттемелердің жиынтық көлемі РЕПО операцияларының өсуіне байланысты алдыңғы аймен салыстырғанда 7,0%-ға ұлғайып, 151,6 млрд теңгені құрады (жыл басынан бері 37,1%-ға төмендеу) (3.10-сурет). Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельдерді басқарушылардың меншікті капиталы 01.09.2025ж. жағдай бойынша негізінен бөлінбеген пайданың ұлғаюы нәтижесінде бір айда 3,1%-ға ұлғайып, 433,4 млрд теңгені құрады (жыл басынан бері 18,0%-ға төмендеу).


Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельдерді басқарушылардың капиталындағы бөлінбеген пайда 01.09.2025ж. жағдай бойынша бір айда 5,5%-ға ұлғайып, 140,0 млрд теңгені құрады.

¹¹ ЕДБ ескермей қаржы көрсеткіштері бойынша ақпарат

3.10-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері



3.11-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы



3.7. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2025 жылғы тамызда бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға қатысты 1 жазбаша ұйғарым түрінде 3 қадағалап ден қою шарасы мен 2 ұсынымдық шара қолданылды.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға қатысты қадағалап ден қою шараларын қолдануға әкелген бұзушылықтар уәкілетті органға дұрыс емес есептілік пен мәліметтер ұсыну болып табылады.

Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты 2025 жылғы тамызда 19 шектеулі ықпал ету шарасы, оның ішінде 4 жазбаша ұйғарым, 15 жазбаша ескерту қолданылды және әкімшілік құқық бұзушылық туралы 5 хаттама құрылды. Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдануға әкелген негізгі бұзушылық ҚР заңнамасының өзінің қызметі туралы ақпаратты жариялауды реттейтін талаптарын сақтамау болып табылды.

3.8. Рұқсат беру қызметі

2025 жылғы тамызда Агенттік бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың 6 басшы қызметкерін келісті. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға 1 лицензия және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға 1 лицензия берілді.

4. Банк конгломераттары

4.1. Банк конгломераттарының құрылымы

01.07.2025ж. жағдай бойынша банк конгломераттарының құрылымында 12 банк конгломераты бар, оған қатысушылар саны – 88 (4.1-кесте).

4.1-кесте. Банк конгломераттарының құрылымы

	01.01.2025	01.04.2025	01.07.2025
Банк конгломераттарының саны	12	12	12
Банк конгломераттары қатысушыларының саны, оның ішінде:	82	89	88
банктердің саны, оның ішінде:	15	16	16
- резиденттер	11	10	10
- бейрезиденттер	4	6	6
сақтандыру ұйымдарының саны	5	7	7
бағалы қағаздар нарығында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар саны	10	10	10
бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын ұйымдар саны	16	16	16
басқа да қаржылық емес ұйымдар саны	36	40	40

4.2. Банк конгломераттарының көрсеткіштері¹²

Банк конгломераттарының активтері

Банк конгломераттарының активтері 2025 жылғы 2-тоқсанда 4,4%-ға 54 933 млрд теңгеге дейін ұлғайды (4.1-сурет). Банк конгломераттары активтерінің құрылымында барынша жоғары үлес салмағы банк секторына тиесілі, ол 90,3%-ды құрайды (4.2-кесте).

4.2-кесте. Банк конгломераттары активтерінің қаржы секторлары бойынша шоғырлануы

Банк секторы	Сақтандыру қызметтері секторы	Бағалы қағаздар нарығындағы қызмет	Қаржылық емес сектор
90,3	2,9	1,0	5,9

Берілген қарыздар банк конгломераттарының негізгі активі болып табылады, олар 01.07.2025ж. 29 871 млрд теңгені немесе банк конгломераттарының жиынтық активтерінің 54,4%-ын құрады (4.2-сурет).

Ақша қаражаты мен олардың баламалары 5,5%-ға ұлғайып, 7 285 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіштің 405 млрд теңгеге елеулі түрде ұлғаюы «АЛМЭКС» холдингілік тобы» АҚ банк конгломератында байқалады.


01.07.2025ж. жағдай бойынша үш ірі банк конгломератының активтері 36 977 млрд теңгені немесе банк конгломераттарының жиынтық активтерінің 67,3%-ын құрайды.

01.07.2025ж. жағдай бойынша активтерінің мөлшері бойынша ең ірі банк конгломераттары «АЛМЭКС» холдингілік тобы» АҚ — 19 650 млрд теңге (үлесі-53,1%),


¹² Қаржылық көрсеткіштердің есебіне банк конгломераттары жоғарғы деңгейінің көрсеткіштері енгізілген

«Kaspi.kz» — 10 048 млрд теңге (27,2%) және «Центркредит Банкі» АҚ — 7 279 млрд теңге (19,7%) болып табылады.

4.1-сурет. Банк конгломераттары көрсеткіштерінің серпіні




4.2-сурет. Банк конгломераттары активтері құрылымының серпіні



Банк конгломераттарының міндеттемелері

Банк конгломераттарының міндеттемелері 2025 жылғы 2-тоқсанда 4,2%-ға 45 609 млрд теңгеге дейін ұлғайды (4.1-сурет).

4.3-сурет. Банк конгломераттарының міндеттемелері құрылымының серпіні



Міндеттемелердің өсуіне клиенттердің 5,5%-ға ұлғаюы ықпал етті, олар 01.07.2025ж. жағдай бойынша 36 247 млрд теңгені немесе банк конгломераттары жиынтық міндеттемелерінің 66,0%-ын құрады. (4.3-сурет). Бұл көрсеткіштің айтарлықтай 777 млрд теңгеге өсуі «АЛМЭКС» холдингтер тобы» АҚ банк конгломератында байқалады.

Шығарылған бағалы қағаздар 1,2%-ға ұлғайып, 2 035 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіштің айтарлықтай 42 млрд теңгеге өсуі «АЛМЭКС» холдингтер тобы» АҚ банк конгломератында байқалады.

Алынған қарыздар 1 088 млрд теңгені құрап, 141 млрд теңгеге немесе 11,5%-ға азайды. Бұл көрсеткіштің 214 млрд теңгеге айтарлықтай өсуі «АЛМЭКС» холдингтер тобы» АҚ банк конгломератында байқалады.

Үш ірі банк конгломераттың міндеттемелері есепті күнгі жағдай бойынша 30 733 млрд теңгені немесе банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінің 67,4%-ын құрайды.

Банк конгломераттарының меншікті капиталы

Банк конгломераттарының меншікті капиталы 2025 жылғы 2-тоқсанда 6,3%-ға 8 123 млрд теңгеге дейін ұлғайды (4.3-кесте).

4.3-кесте. Банк конгломераттарының меншікті капиталының құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.04.2025		01.07.2025		Өсім, %
	млрд теңге	млрд теңге	млрд теңге	жиынтығы %-бен	
Жарғылық капитал	1 026,8	1 026,8	1 024,2	12,6%	-0,3%
Бөлінбеген пайда	6 586,4	6 586,4	7 102,5	87,4%	7,8%
Басқа да капитал	27,0	27,0	-3,6	0,0%	-113,2%
Меншікті капитал, жиынтығы	7 640,2	7 640,2	8 123,1	100,0%	6,3%
<i>Анықтама үшін: аздың үлесі</i>	1 208,7	1 208,7	1 201,0		

4.3. Пруденциялық нормативтерді орындау


Есепті күнгі жағдай бойынша пруденциялық нормативтерді сақтауға қойылатын талаптарды 12 банк конгломераты орындауда.

5. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау


5.1. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың жолданымдарын талдау

2025 жылғы тамызда Агенттіктің қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріндегі қызметі негізінен қарыз алушылардың алаяқтық әрекеттер бойынша, тұтынушылық қарыздар бойынша берешекті қайта құрылымдауға жәрдемдесу және борыш жүктемесін төмендету үшін шаралар қабылдау туралы жолданымдарын қараумен байланысты болды.

5.1-сурет. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар жолданымдарының саны



5.2-сурет. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар жолданымдарының құрылымы



2025 жылғы тамызда қаржы ұйымдарының және коллекторлық агенттіктердің қызметіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың 11 167 өтініші қаралды (5.1-сурет). Жолданымдар саны алдыңғы аймен салыстырғанда 19,7%-ға ұлғайды.

Азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілері өтініштерінің негізгі үлесі банк секторына (банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар) тиесілі, ол есептік кезеңде өтініштердің жалпы санының 50,1%-ын құрады (5.2-сурет).

Қаржы нарығының өзге секторлары бойынша үлестер мынадай түрде бөлінген: микроқаржы ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша – 35,5%, сақтандыру нарығының субъектілері – 1,9%, коллекторлық агенттіктер – 8,4%, өзге де ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша – 0,8%, атауы көрсетілмеген ұйымдар - 3,3%.

Есепті кезеңде өтініштердің өзекті мәселелері мыналар болды:

1) банк және микроқаржы секторында:

- қарыз бойынша қайта құрылымдаудан бас тарту;
- Агенттіктің кепілсіз тұтынушылық қарыз және ипотекалық қарыздар бойынша берешегін есептен шығаруға жәрдемдесуі;

2) сақтандыру секторында:

- зиянды бағалау/төлем сомасымен /залалды өтеу сомасымен келіспеу;
- сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуға қатысты мәселелер.

3) коллекторлық агенттіктердің қызметі бойынша:

- коллекторлық агенттіктердің және жеке сот орындаушыларының іс-қимылдарына шағымдар;
- берешекті қайта құрылымдаудан бас тарту.

5.2. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

Агенттік қаржы ұйымдарының және коллекторлық агенттіктердің қызметінде ҚР заңнамасының анықталған бұзушылықтары бойынша 2025 жылғы тамызда 7 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасын және 1 жазбаша ұйғарым қолданды. Оның ішінде, мыналарға қатысты:

- екінші деңгейдегі банктерге – 5 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы;
- коллекторлық агенттіктерге – 1 жазбаша ұйғарым;
- сақтандыру ұйымдарына – 2 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын бұзу алаяқтық жолмен берілген қарыздар бойынша сыйақы есептеу және мерзімі 90 күннен астам өсімпұл, сондай-ақ өтініш берушілердің жолданымдарына уақтылы жауап бермеу мәселелері бойынша белгіленді.

5.3. Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы

Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыруды/қосымша көмек көрсету шараларын көрсетуді 12 банк және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 3 ипотекалық ұйым жүзеге асырады.

2004-2020 жылдар аралығында ипотекалық қарыз алған қарыз алушылардың жалғыз баспанасын сақтауға бағытталған бағдарламаның бірінші бөлігі шеңберінде банктер 01.09.2025 жылға 209,5 млрд теңге сомасына 33,0 мың қарызды қайта қаржыландырды.

01.01.2016ж. дейін берілген валюталық ипотекалық қарыздарды конвертациялауға/қайта қаржыландыруға бағытталған Бағдарламаның екінші бөлігінің шеңберінде, өткізу кезеңінде банктер 114,0 млрд теңге сомаға 15,9 мың валюталық ипотекалық қарызды конвертациялауды/қайта қаржыландыруды жүргізді. Валюталық қарыздарды конвертациялау/қайта қаржыландыру 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін өткізілетін болады.

Бағдарламаның үшінші бөлігі шеңберінде банктер қарыздары бұрын Бағдарламаның шеңберінде қайта қаржыландырылған ХЭОТ-қа жататын ипотекалық қарыз алушыларға қосымша қаржылай қолдау шараларын көрсету бойынша жұмыс жүргізуде. Қарыз алушының берешегін азайту, өтеудің жеңілдетілген кестелерін белгілеу, сондай-ақ қарыз алушының меншігіне банк балансында есепте тұрған жалғыз баспанасын қайтару түрінде қолдау шаралары көрсетіледі. 01.09.2025ж. жағдай бойынша қосымша қолдау шаралары 98,6 млрд теңге сомаға 10,6 мың қарыз алушыға көрсетілді. Ипотекалық қарыз алушыларға көмек көрсету мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.